



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Екібастұз жұртына көмек

«Amanat» партиясының мүшелері Екібастұз қаласының жылусыз қалған тұрғындарына гуманитарлық көмек жіберді. Партияның Астана қаласындағы филиалынан гуманитарлық көмек тиелген жүк көлігі жолға шықты. Аманаттықтар барлығы мыңнан аса жаңа электр жылытқыш, көрпе, термос және тағы басқа қажетті заттар жолдады.

алының атқарушы хатшысы Берік Жәкенов.

Екібастұзда волонтерлер штабы ашылды. «Жастар Рухының» белсенділері үй-үйді аралап жатыр. Мобильді бригадалар жалғыз тұрып жатқан зейнеткерлер, мүгедектер, мұқтаж отбасылар туралы ақпарат жинауда. Сондай-ақ партияның жастар қанатындағы волонтерлер апаттан құтқарушы



«Партиялықтар Екібастұздағы жағдайға алаңдап отыр. Аманаттықтар Арыстағы, Мақтааралдағы және Әуликөлдегі оқиғалар кезінде зардап шеккен қазақстандықтарға көмектескен болатын. Бұл жолы да шет қала алмаймыз. Бүгін елордадан ең қажетті заттар – жылытқыштар, көрпелер жөнелтіледі. Бүгіннен қалмай бұл көмек Екібастұз тұрғындарына жеткізіледі», деп атап өтті «Amanat» партиясы Астана қаласы фили-

бригадаларға ыстық тамақ ұйымдастыру жұмысымен де айналысып жүр.

Парламент Мәжілісіндегі «Amanat» партиясының депутаттық фракциясының мүшелері, яғни Ерлан Саиров, Вера Ким, Артур Платонов, Жанарбек Әшімжан, Айгүл Нұркина, Дүйсенбай Тұрғанов, Анатолий Бойчин де Екібастұз қаласының тұрғындарына жедел көмек көрсетіп жатыр.



Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинмен кездесті

**Қасым-Жомарт Тоқаев
Владимир Путинге
Қазақстан Президенті болып қайта сайлануымен құттықтағаны және ізгі тілегі үшін алғыс айтып, екі ел арасындағы қарым-қатынасқа жоғары баға берді, деп хабарлайды Egeмен.kz. Президенттің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.**

– Ең алдымен, Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына қайта сайлануыма орай жеке құттықтағаныңыз үшін алғыс айтқым келеді. Шын мәнінде, алғашқы шетелдік сапарым осы елге, Ресей Федерациясына жасалып отыр. Мұның терең саяси мәні бар. Әлбетте, бұл сапардың белгілі бір символдық мәні бар. Екінші жағынан, бұл қалыпты жағдай, өйткені мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастық туралы әңгіме өрбіп отыр. Биыл біз дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жыл толғанын атап өттік. Бүгін осы тарихи датаға арналған Декларацияға қол қоямыз–деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық байланыстар белсенді дамып келеді.

– Қазақстан үшін Ресей Федерациясы негізгі стратегиялық серіктес мемлекет болады және солай болып қала береді. Бізді түрлі саладағы терең қарым-қатынастар байланыстырады. Сіз Өңіраралық ынтымақтастық форумының кезекті

отырысын меңзедіңіз. Бұл жолы ол Орынборда өтіп жатыр. Біздің одан әрі ілгерілуімізге елеулі негіз бар. Біздің елдеріміз арасындағы сауда көлемі пандемияға байланысты қиындықтарға қарамастан 24,5 миллиард долларға жетті. Ресей капиталының біздің елімізге бағытталуына қатысты үлкен жоспарымыз бар. Мен Мемлекет басшысы ретінде және біздің Үкіметіміз өзара тиімді шарттар негізінде Ресей капиталы Қазақстанда тұрақты жұмыс істеуі үшін қолымыздан келгенін бәрін жасаймыз. Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың даму деңгейіне көңіліміз толады деуге негіз бар. Сонымен қатар алға ұмтылу керек, дәл осы мақсатпен мен осында арнайы сапармен келдім, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Владимир Путин Мемлекет басшысын сайлаудағы сенімді жеңісімен және Президент қызметіне кірісуімен тағы да құттықтады.

– Ең алдымен, Қасым-Жомарт Кемелұлына шын жүректен ілтипат білдіремін. Ол Қазақстан Президенті болып қайта сайланғаннан кейінгі алғашқы ресми сапарын Ресейге жасады. Мен оны сайлаудағы сенімді жеңісімен тағы да құттықтағым келеді және елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық өміріндегі ауқымды өзгерістерге қатысты барлық жоспарын жүзеге асыруда сәттілік тілеймін, – деді Ресей басшысы.

Ресей Президенті сондай-ақ Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстардың жоғары деңгейі мен

ерекше сипатын атап өтті.

– Әрине, Қазақстан Президентімен жиі кездесіп тұрамыз, жақында ғана жүздескен болатынбыз. Біз әрқашан әр кездесуімізде өзекті мәселелерді талқылаймыз. Ең алдымен, экономика мәселесін көтереміз. Өйткені бұл – біздің барлық саладағы табыстарымыздың негізі. Біз оны жоғары бағалаймыз. Жаңа ғана тұрақты түрде өтетін Өңіраралық форумға қатыстық. Онда да біздің әріптестер айтарлықтай нақты нәтижелерге қол жеткізетініне сенімдімін, себебі сауданың дені шекаралас аймақтар арқылы өтеді. Адамдар бір-бірімен араласады, бір-бірінің мүмкіндіктерін жақсы біледі. Біз қазір 2021 жылы тауар айналымының өскенін атап өттік. 2022 жылы да тұрақты артып келеді. Сондай-ақ дәстүрлі бағыттарда, жоғары технологиялық салаларда жұмыс істеп жатырмыз, бұл болашақ үшін өте маңызды, – деді Владимир Путин.

Қазақстан мен Ресей президенттері дәстүрлі түрде өзара сенім мен конструктивті негізде екіжақты серіктестікті одан әрі нығайту жолдарын айқындады. Өнеркәсіптік қатынастар мен көлік-логистика саласындағы экономикалық іс-әрекеттерді күшейту басты міндет болып қала береді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығына орай Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Декларацияға қол қойды.

Желтоқсаннан бастап көлік

жүргізушілері айыппұл арқалауы мүмкін

ҚР ИІМ қыс түсіп, суық ауа райының басталуына байланысты автожолдардағы көлік қозғалысына ерекше назар аударуды талап ететінін атап өтті, деп жазады Egeмен.kz..




Министрлік өкілдерінің айтуынша, заңнамаға сәйкес 1 желтоқсаннан бастап қысқы кезеңде қысқы шиналармен жабдықталмаған көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

«Техникалық регламенттердің, ұлттық стандарттардың талаптарына жауап бермейтін көлік құралдарын басқару, сондай-ақ осы баптың 6-бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынатын ақаулар немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 590-бабының 5-бөлігіне сәйкес маусымнан тыс шиналарды пайдаланғаны үшін 5 АЕК айыппұл қарастырылған. Яғни заңнама бұзған көлік жүргізушілері 16 мың теңге айыппұл төлейді.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Тұрғындар тарапынан көтерілген өзекті мәселенің бірі болған Созақ ауылы, Көктөбе елді мекенінде 6 көшені асфальттау жұмыстары жүргізіліп, қазіргі таңда елдімекен 100 пайыз заманауи жолмен қамтылды. Сондай-ақ, Созақ ауылдық округі орталығында жаттығу залы мен үлкен, заманауи үлгіде (стадион) футбол алаңы құрылысы жүріп жатыр. Ыбырай елді мекенінде Құрманғазы мектебінің құрылыс жұмысы



СОЗАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ КӨКТӨБЕ ЕЛДІМЕКЕНІ 100 ПАЙЫЗ ЗАМАНАУИ ЖОЛМЕН ҚАМТЫЛДЫ



басталды. Көшелерді жөндеу, жарықтандыру жұмыстары барлығы дерлік кезең-кезеңімен орындалуда. Келесі жылы Созақ ауылында 6 көшеге асфальт төсеу үшін жобалық сметалық құжат дайындалуда. Бұл туралы аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Созақ ауыл округі тұрғындарымен есептік кездесу барысында мәлімдеді.

Тұрғындар ағымдағы жылғы аудан әкімдігі тарапынан атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, алғыстарын жеткізді.

Жиыннан соң аудан әкімі

футбол алаңы құрылысы және «Сызған» дәрігерлік амбулаториясында болып, жұмыс барысымен танысты.

Есептік жиын Сызған ауыл округінде жалғасты. Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы, атқарылған жұмыстарды баяндады. Басбұлақ елді мекенінде жарықтандыру жұмысы жүргізілді. Қайнар елді мекенінде 8 шақырым тас жол, 1,5 шақырым асфальт жол төселіп, жарықтандыру мәселесі шешімін тапты. Сызған ауыл округі тұрғындарының өтініштеріне орай ауылдық аурухана

ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізіп, «Сызған» дәрігерлік амбулаториясын сонда көшірілді. Қазіргі таңда тұрғындар қолайлы орында ем қабылдауда. Сонымен қатар, жол белгілері де толықтай орнатылды. Бұл жөнінде ауыл тұрғындары өтініштің аяқсыз қалмағанын айтып, алғыстарын жеткізді.

Кездесу барысында тұрғындар электр жарығының бағандарын ауыстыру, ауыз су, ауыл шаруашылық мақсаттағы жер теліміне қатысты сауалдарын қойды.

Аудан басшысы өз сөзінде кездесуге келудегі басты мақсат ұсыныс, пікірлерді тыңдап, алдағы атқарылар жұмыстарды пысықтап алу екенін жеткізді. Аталған сауалдар бойынша тиісті бөлімдерге тапсырмалар жүктеп, заң шеңберінде жұмыс атқарылатынын айтты.

Есептік жиыннан соң аудан әкімі жергілікті тұрғындарды жеке мәселе бойынша қабылдады. Аудан әкімінің халыққа есеп беру кездесулеріне бірқатар тиісті бөлім, мекеме басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

«Созақ үні» - ақпарат.

ҚАРАТАУ, ҚАРАҚҰР АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Қаратау, Қарақұр ауыл округінде халықпен кезекті кездесуін өткізді. Аталған жиында Қаратау ауылының тұрғындары сауалдарын қойып, көкейлерінде жүрген мәселелерін жеткізді. Аудан әкімі Қаратау ауылы тұрғындары тарапынан көтерілген әрбір мәселеге мән беріп, халық игілігі үшін атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.



«Сіздердің алда-рыңызға келіп жиналуымыздың басты себебі – сіздердің мұң-мұқтажтарыңызды талқылап, шешу жолын қарастыру. Бұл аймаққа жиі келіп, атқарылып жатқан жұмыстарды қадағалап тұрамын. Мұндағы мәселелер маған етене таныс. Өткен жолғы кездесуде тұрғындар тарапынан көтерілген жарықтандыру мәселесі жөнінде тиісті жұмыстар атқарылды. Алдағы жылы спорт кешенін салу жоспарлануда. Аурухана ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қазіргі таңда тұрғындар сұранысына орай қосымша тәулік бойына 5 орын, күндізгіге 4 төсек орын дайындалып, емделушілер ем қабылдауда. Сонымен қатар, Ақсұмбе елді мекеніне байланыс және интернет желісінің жылдамдығын көтеру мақсатында қосымша базалық станция орнатуға мұнара тұрғызылуда. Сіздердің осында көтерген ұсыныстарыңыз аяқсыз қалмайды, кезең-кезеңімен атқарылатын болады, - деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Сондай-ақ жиында тұрғындар тарапынан ауыз су мәселесі айтылып, жауапты мамандарға арнайы тапсырмалар жүктелді. Жиыннан соң аудан басшысы «Саржаз» негізгі орта мектебін аралап, ондағы атқарылу керек бірнеше мәселені назарға алды.

Кездесу Қарақұр ауыл округінде жалғасты. Бұл округте биылғы жылда біршама жұмыстар атқарылған. Қарақұр, Шаға, Раң ата ауылдарының орталық көшелері жарықтандырылып, тұрғындардың талап-тілектері орындалды.

«Атқарылып жатқан жұмыстар тек халық игілігі үшін. Сондай-ақ жеке қабылдауға келген ауыл азаматтарына да заң шеңберінде көмектер көрсетіліп жатыр. Біз үшін әрбір тұрғынның пікірі маңызды деді, - аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков.

Есептік жиынның соңында аудан әкімі тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Ондағы айтылған мәселелер назарға алынып, орындалу үшін тиісті бөлім басшыларына тапсырмалар жүктелді.

«Созақ үні»-ақпарат.

АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

№	Аты - жөні	Елді мекен атауы	Кездесу өтетін орыны	Күні	Сағаты
1	1.Майусова Нұржамал Әбілжанқызы 2.Қабылбеков Елдос Қабылбекұлы 3.Төлепбергенұлы Олжас 4. Әлжанов Ролан Избасарұлы 5. Бейсен Іңкәр Әлібекқызы 6. Есмұратова Гүлшат Есбергенқызы	Жартытөбе Құмкент	Мәдениет үйі Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия	05.12.2022	10:00 12:00
2	1.Ермаханов Мейрамбек Нысанбекұлы 2.Сүгірбаев Бағлан Қанжарбекұлы 3.Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлы 4.Байғараев Бегімбет Биімбетұлы 5. Майусова Нұржамал Әбілжанқызы	Қаратау Қарақұр Созақ	Панфилов атындағы жалпы орта мектебі «Қарақұр» жалпы орта мектебі Мәдениет үйі	06.12.2022	10:30 12:00 15:00
3	1.Нұрланов Базарбай Нұрланұлы 2.Әлжанов Ролан Избасарұлы 3. Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлы	Шу Тасты Жуантөбе Қыземшек	Ауыл клубы Абай атындағы жалпы орта мектебі Ауыл әкімдігінің мәжіліс залы Мәдени спорт кешені	07.12.2022	10:00 11:30 15:00 17:00
4	1.Бекишов Құрманғали Әбиұлы 2.Жәмиева Қарлығаш Нышанбайқызы 3.Бейсен Іңкәр Әлібекқызы 4. Әлжанов Ролан Избасарұлы 5. Майусова Нұржамал Әбілжанқызы	Сызған Таукент	Мәдениет үйі Мәдени спорт кешені	08.12.2022	10:00 11:30
5	1.Жүсіп Ғабит Елбергенұлы 2.Есмұратова Гүлшат Есбергенқызы 3.Әлжанов Ролан Избасарұлы 4.Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлы 5.Байғараев Бегімбет Биімбетұлы 6.Майусова Нұржамал Әбілжанқызы 7.Қабылбеков Елдос Қабылбекұлы	Шолақорған	Шолақорған ауыл әкімдігінің мәжіліс залы	12.12.2022	10:00

Ескерту: Белгілі себептерге байланысты кездесу күндері өзгеруі мүмкін



Ардагерлер облыстық байқауда екінші орынды иеленді

«Сырлы Созақ» ардагерлер хор ұжымы 2017 жылы Ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігінің 30 жылдығы құрметіне Шолақорған ауылында құрылды. Құрамында ұзақ жылдар әр салада еңбек етіп, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған 25 ке жуық ардагерлер бар.

Аталған хор ұжымы 2017 жылы Ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған облыстық фестивалге қатысып, жүлделі 3-орынды иеленді.

Сол жылдан бері аудан көлемінде өткізілетін барлық іс-шараларға белсене ат са-

болып, облыстық байқауға қатысуға жолдама алды. Содан бері аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайының музыка жетекшісі, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты, кәсіби вокал маманы, Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының түлегі Әлқуат Айдос Бағдатұлы хордың көркемдік жетекшісі болып, алда болатын байқауға репертуармен және дауыстарды қойып, хор ұжымының табиғатына келетін әндер таңдап алып, дауыстардың таза шығуына кәсіби тұрғыда дайындады. Хордың директері Бахатаева Индира Нұрланбекқызы

лер хор ұжымының бір көрметі бұрынғы әр саланың еңбек ардагерлерінің бас қосып, өздерінің бастамасымен ұйымдастырылған өнер-хор ұжымы болып табылатындығы. Хор ұжымының тек ән салу емес, жастарға қазақтың салт-дәстүрін насихаттаудағы орыны да ерекше.

«Сырлы Созақ» ардагерлер хор ұжымы бүгінде өздерінің әндерімен кейінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетіп жүр. Хор ұжымы 23-қараша күні киелі Түркістан қаласы «Фараб» әмбебап кітапханасында Түркістан облыстық ардагерлер кеңесі мен облыстық мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің 35 жылдығына арналған ардагерлер арасында өткен «Жыр жауһарлары» атты облыстық байқауда жүлделі 2-орынды иеленді. Байқауға аудан ардагерлерін аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов пен аудандық Әжелер ұйымының төрайымы Мәруа Қайыржанова бастап барды. Облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов ауданымыздың хор ұжымы өнерпаздарының өнеріне ризашылығын білдіріп, шығармашылық табыс тіледі. Хор ұжымы аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің директоры Нұрбек Сейілбековке алғыстарын жеткізді. Облыстық барлық аудандары қатысқан байқауда «Сырлы Созақ» өнерпаздары топты жарып, жүлделі екінші орынды иеленіп, ауданымыздың мерейін асқақтатты. Өнер байқауына қатысуға аудан әкімдігінің қолдау білдіріп, көмек көрсеткенін айта кету ләзім. Осы байқаудың аясында өткен мүшәйрада ауданымыздан барған ақын ағамыз Тілеубек Ыбырайымов жыр бәйгесіне қатысқаны үшін дипломмен марапатталды.

Бүгінде зейнет жасында болса да аудандағы түрлі іс-шараларға қатысып, ауданның мәдениеті мен өнеріне елеулі үлес қосып жүрген ардагерлеріміздің алар асылары әлі алда.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.



лысып, халықтың көңілінен шығып жүр.

Хор ұжымының репертуарында халық әндері, қазақ композиторларының әндері, сондай-ақ Түркістан облысынан шыққан композиторлары мен жергілікті сазгерлердің әндері бар.

Ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігінің 35 жылдығына орай аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен өткен іс-шарада және ауданаралық ардагерлердің хор ұжымдары арасында өткен байқауда бірінші орынға ие

А.Жұбанов атындағы Созақ балалар саз мектебінің хор және сольфеджио пәнінің мұғалімі. Шәкірттері аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты. «Жыл мұғалімі 2020» төс белгісінің иегері. Ардагерлермен үзбей жұмыс жасап, хордың тәртібімен, сахна мәдениетімен, сондай-ақ дауыстар үндестігімен, әннің біркелкі шығуына жұмыс жасады. Сондай-ақ баянмен сүйемелдеуші Абай Құдайбергеновтің еңбегі ерен.

«Сырлы Созақ» ардагер-

Созақ аудандық мәслихатының кезектен тыс XXI ші сессиясы

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXI ші сессиясы өтіп, сессия жұмысын аудандық мәслихат хатшысы Байғараев Бегімбет Биімбетұлы жүргізді.

Күн тәртібінде мына тө-

атау беру туралы;

4. Созақ аудандық мәслихатының 2021 жылғы 9 наурыздағы №13 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың



мендегі мәселелер қаралды:

1. Созақ аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №63 «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет» туралы шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

2. Созақ ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы;

3. Шолақорған ауылдық округінің Жеткіншек, Абай, Қарабұлақ, Балдысу елді мекендерінің көшелеріне

жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

5. Созақ аудандық мәслихатының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №74 Созақ ауданының «2022-2024 жылдарға арналған ауылдық округтер және кенттер бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Жалпы, сессия жұмысында мәслихат депутаттары жоғарыдағы аталған бес мәселені қарап, тиісті шешімдер қабылдады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Аудан әкіміне мың алғыс!

Өнер – халық тарихының асыл шежіресі. Осы өнер арқылы өмірдің кең тынысы, тіршілік құбылыстары, адамның ішкі дүниесінің әртүрлі сезімі бейнеленеді. Сөз, әуен, қолөнер, спорт адам өмірінің сан ғасырлық тарихының көзінде болып,

спортқа бір табан жақын, болам деген баланың бетін қақпай бөлін бууды жөн санайтын аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы елімізде өткен саяси науқан қарсаңында ауданымыздың әр ауылындағы өнерлі азаматтарынан құралған «Со-



аудан түрлі сыр шертеді. Өнер ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, болашақ үшін тарих сахнасына айналады.

Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық, - демекші өнерлі жанның өмірі өрнекке толы, өмірі өзгеге үлгі болары анық. Қазақ халқы өнерден құр алақан емес. Халқымыздың қанына сіңген құдіретті өнері ауыз толтырып айтарлық.

Міне, осындай өнер мен

зақ серілері» тобының жігіттеріне заман талабына сай, жаңа үлгідегі сахналық киімді сыйға тартты.

Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлына айтар алғысымыз шексіз. Әрдайым абыройыңыз артып, ел үмітін ақтап жүре беріңіз дегіміз келеді!

**Құрманбай НҰРМАНҰЛЫ.
Топ мүшесі.**

«Той халықтың қазына-сы» деген сөздің астарына, мән-мағынасына назар аударыңызшы?! Қазына деп бұл жерде атаған түйесі мен биесін, көлігі мен көрімдік, теңгесін, қымбат бағалы заттары мен алтын-күмісін айтып отырған жоқ. Мұндағы қазына деп тұрғаны салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, шешендік өнер, терме, толғау, ән-би, көркем сөз, ақ бата мен ақжолтай тілектер, жөн-жоралғы, жарасымды әзіл, ағайынмен араласу, сыйласымен сырласудан тұрса керек.

жасап жүрген серілер тобының құрамында Роман Сабырұлы, Абай Төлегенұлы, Ергали Шайқалиұлы, Самат Болатұлы, Елдос Бердіқұлұлы, Еркебұлан Шәріпбекұлы, Абылай Бегалыұлы, Жандос Жомартұлы, Құрмаш Нұрманұлы, Талғат Бақтиярұлы, Рүстем Сарманұлы және ең жасы кішісі осы Ердаулет Әбдірахымұлы. «Созақ серілері» Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының арнайы шақыруымен Түркістан қаласында «Дін мен дәстүр» аясында өткізілген «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» тақырыбындағы ашық семинарға қатысып, өнерлі жігіттер Жарамазан айтып, көпшіліктің алғыс ықыласына бөленіп қайтқан жайлары бар. Сондай-ақ Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылында ұйымдастырылған, рамазан айына арналған ғұрыптық фольклор әндерін орындаушылардың байқауына қатысып, Түлкібас ауданы әкімінің арнайы жүлдесімен ма-



Ердаулеттің бір ерекшелігі бір-екі тойда байқағаным қонақ кәде, ауылдың алты ауызы, өлең оқыту, ән айтуды жақсы ұйымдастырады екен.

Жаңадан қалыптасып келе жатқан «Созақ серілері» тобына үлкен сенім артамыз, тағы бір ескертетін нәрсе той иелеріне айтар базынамыз. Ең бірінші кезекте тойдың дастарханы, сойыс малы, әнші, бишісі, шақыру мәселелерінен де биік, әрі парасатты нәрсе-алдымен тамадан таңдау. Тамадамен алдын ала сөйлесу, тойды қалай өткізесің? Қанша тост болады? Сценаримен таныстырсаң болады ма? Той үстінде қандай әзіл айтасың? Қандай ойын ойнатасың?—деп той иелері той сценариймен алдын ала танысып алса, тойдағы ыңғайсыз жағдайлардың алдын алар еді.

Менің ойымша торт асату, сүндет тойда ат алып кіру, (ол асау болуы мүмкін немесе айуанның аты айуан дыбыстан, адамдардан үркуі мүмкін)

Тамада тәрбие шоғы, Той мәдениет ошағы болса..

Ал сол тойды жүргізетін асаба мен тамадалар қандай болуы керек? Біз үшін Созақ ауданының төл тума тамадаларына жететін тамада жоқ. Бастысы олар жергілікті жердікі болған соң өзін өзі таниды, көзін таниды, сөзін таниды. Руы мен ағайын-туыстарын таниды. Сырттан келген тамадалар (мейлі олар Қазақстанға танымал жұлдыз болсын) ақша үшін келген соң өтті ма, өтті етіп жүргізіп береді. Сол сырттан келген тамаданың жарты ақшасын ғана алатын жергілікті өнерпаздарды өзіміз «ауылдағының аузы сасық» ретінде мәнсіз қараймыз. Өткен жылдары Түркістаннан бір тамада келіп той жүргізді. Былай сөзі дұрыс сияқты болды. Содан баламның тойын жүргізіп беруін өтіндім. Ол жігіт болса «ренжімеңіз, қажылыққа кетіп барамын, келген соң хабарласайық» деді. Содан қажылықтан келді ау деген шамада хабарластым. Сөйтсем әлгі тамадам маған «халал той ма?» дейді.

—Ей, бауырым сенің мына сөзің қандай сөз? Тойдың халалы, харамы бола ма? дедім. Сен олай айтпа арақсыз ба? арақ ішіле ме?—деп айт. Мен маңдай теріммен, адал ақшаммен баламның қызықшылығы үшін өткізіп жатқан тойды халал, харам деп қалай бөлесің?—дедім.

Сол жігіт кейін ақшаға құнығып кеткені сондай біреуді мақтаса «сразу қалтама сал, банкіге салма!» дейтін әдет шығарды. Ол ол ма тіпті кәсіпкер, қалталы, қызмет істейтін азаматтардың қыр соңынан қалмай бір беташарда төрт-бес рет ортаға шақырып елдің алдында ыңғайсыз жағдайға қалдырған сәтіне бірнеше рет куә болдым. Біреу тойға шақырса «тамадасы кім екен?» «Әлгі түркістандық тілемсек емес пе?» дейтін болдық. Кеңес өкіметі билеп тұрған заманда совхоз директоры, парторг, комсомол жетекшілері, елге сыйлы, беделді, асқан абыройлы азаматтар басқаратын. Одан тоқыраулы тоқсаныншы жылдары асабалық, тамадалық тойлар басталды. Өзім де талай келіннің бетін аштым, талай тойларды басқардым. Ал бүгінгі тамадалар тойды мүлдем басқа стильде жүргізеді. «Созақ серілері» атты теріскейлік өнерпаздардың өнеріне аудан жұртшылығы бек разы. «Сатып алмай құл болмас, өзіңнен тумай ұл болмас» демекші Теріскей стилінде той жүргізу үрдісі біртіндеп өз тұғырын қалыптастырып келеді. Абай Аққұлиев ағалық

рапатталып келген еді. Созақ жігіттері «Еуразия-1» телеарнасына шақырылып арнайы хабар ұйымдастырылды. Осының барлығы тәрбие мектебі десек болады. Осы топтың мүшесі Ердаулет атты ініміздің (баламыздың десем де болады) сол тұрғыда қалыптасып келе жатқанын байқадым.

Менің ойымша тамада тойға келген қонақтардан еш уақытта шапалақ сұрамауы керек. Шапалақты тойға келген кісілердің өздері еріксіз соғатындай, тамаданың шеберлігіне риза болып сүйсініп соғатындай дәрежеге жетуі керек. «Менің өнеріме шапалақ ұр?» деп сәт сайын шапалақ сұрап, тіленудің қажеті

жоқ. Тіпті менің жеке, отбасылық тойымды да жүргізіп берген де емес. Жалпы созақтық, адал, әрі өнерпаз азамат ретінде сыйлаймын. Көп тойларда, көріп байқап, сөзін тыңдап, әңгімесін бағамдап жүреміз.

Өткен жолы бір тамада осы Шолаққорғандағы тойға келіпті. Құда мен құданы екі жаққа тұрғызып қойып бір біріне «мен құдандалы болдым!» дегізіп алаңқайда айқайлатып жүгіртіп қойды. Құдаға жаңа құдағидың бетінен он рет сүйдірді, Сөйтті де «мен ойнап айтсам шынымен сүйе салды, біреудің әйелін аясын ба?» деп екі жақты да ыңғайсыз жағдайға қалдырды. Мен той иесі болғанымда әлгі тамадаға ит қосып қуатын едім. Ондай тамадалар салт-



жоқ. Ердаулетке риза болғаным, мен қатысқан тойдың бірде-біреуінде шапалақ сұраған емес. Екінші бейнауыз, бейәдеп әзіл айту Ердаулетке тән емес. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, билер мен шешендердің сөздерінен, мақал-мәтелден келтіріп көркем сөйлей білетіндігі. Үшінші тойға келген қонақтарға «Неге тыныш отырмайсыңдар, сөйлей бересіңдер» деп ұрсатын тамадалар бар. Айналайын-ау сен айрықша жүргізіп жатсаң біз неге сөйлейміз? Қайта аузымыз ашылып тыңдап отырмаймыз ба?

Ердаулетпен сәлемім түзу болғаны болмаса, былай туыстығымыз

дәстүрге, қазақи тәрбиеге қарсы жұмыс жасайтын «халық жаулары» десем артық айтқаным емес шығар. Мақал-мәтел сайысы, аяқ астынан шумақ құрастыру, сымсыз телефон, жүзік салу, ойлан тап, би жарыс сияқты толғамды, тағылымды ойындар өткізілсе, тілек, ақ бата беруден жүйелі сайыстар да қызықты өтер еді. Тойға келіп тұрып бірінің сөзін бірі қайталап, әбден құлақтарды жауыр еткен «Не деймін, бақытты болыңдар!» деген сөзден гөрі бақытқа жету үшін екі жасқа не керек? Сабырлық, шыдамдылық, сыйластық, адамгершілік, ата-анаға деген құрмет жайлы неге айтылмайды?

қонақтардың тілек айтатыны бар, айтпайтыны бар топырлатып шақырмай, тек өз еркімен, тілек сөзге жазылған кісілерді ғана шақырса немесе «тілек айтамын деушілер ортаға келсін!» деп шақырылса алтын уақыт үнемделер еді. Одан кейінгі бір мәселе қонақтарға, тойға келушілерге айтарым ішіп-жеп, сый-сияпатын беріп болып үйіне тайып тұрмай жұртпен бірге тарасып қайтса, тойға, той иесіне деген құрметі болар еді. Одан бөлек тойға шақыру қағазын алған соң уақтылы келу. «Е, біздің ауылда той сағат 10-да басталады» деп бейқам жүре бермей шақырған жерге уақтысында бару да өзінің жауапкершілігі мен мәдениетін көрсететінін ұмытпаса екен.

Кейбір тойханаларда даяршылар қызметі төмен. Түрлеріне қарасаң мектеп оқушылары сияқты. Сұрасаң мектеп бітіріп қойғанмын дейді. Бір табақ асты ирелеңдеп зорға көтереді. Ыдыс-аяқтарының шеті ұшқан, дастарханы, пердесі кір. Бір мезгіл ақша табыс көзі саналатын тойханасына да ақша бөліп жаңартып отырса той мәдениетіне тазалық та жататынын ұмытпаған жөн. Асханасына кіре қалсаңыз едендегі майдан тайғанақтап әзер жүресің. «Қамыр салатын ағаш әкеліңіз, отқа құятын май әкеліңіз?» деп алыс ауылдан келіп той жасап жатқандарды әбіржітіп жатады. Кейбір тойханалар алдын ала ақшасын алып алады да, той өтетін күнді қызметі жоғары немесе қалталы азаматтарға көңіл жықпастық етіп бере салатын әдетті де жасап жатады.

Әрине, мұны той мәдениетсіздігі десек болады. Сөздің басы тамадан басталды ғой. Сол себепті тамада -тойдың шоғы, той -мәдениет ошағы болса дейміз. Ердаулет сияқты тамадаларымыздың қатары көбейе түссе, той мәдениетінде үлкен жаңашылдықтар жүзеге асырылса деген үміттеміз.

Тамадаларға айтарымыз әдеби кітаптар, шешендік сөздер ақын-жазушылардың (оның ішінде Созақ елінің авторлары) шығармаларын, күнделікті газет-журналдарды оқып, білімін, сөз шеберлігін, ел мен жер тарихын зерделі жетілдірсе созақтық той мәдениеті нұрлана түсер еді.

Мақсат ҚАРФАБАЙ,
өнертанушы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

Созақ ауданындағы қоғамдық-саяси ахуал

“АҚ ЖОЛ” БЕТТЕРІНДЕ

(Соңы. Басы өткен санды).

Мұнан шығатын түйін: «Қосшыда» отырғандар да, жалпы жаңа үкіметтің жалына жармасқандар да, жергілікті жерде жұрт ұстаған белсендісімақтар да бостандық мәнін тереңдей ұқпаған қараңғы елді қапастан шығарып, санасын оятуға тырыспай, қайта «билік қолымдаға» салып білгенін істеп, кедей-кепшіктің кеңеске деген теріс көзқарасының қалыптасуына септескен сияқты. Олай деуімізге де себеп көп. «Ақ жол» бетінде де «ақ дегені алғыс, қара дегені қараңғы» айналған «коммунизм қайраткерлерінің» қисынсыз әрекеттері, қазаққа жасаған зорлығы жайындағы жазбалар жетіп артылады. Мәселен, Б. есімді автордың «Үйездегілердің ескеруі керек» деген үмітінен күдігі басым шағымына үңіліп көрейікші.

«Түркістан үйезі Созақ қыстағындағы кооперативке беретін ақшасын төлейін деп Созаққа Қаратау болысы 2-ауыл қазағы Ахмет деген келеді. Әкелген малы қарызына жетпейді. Қайтайын деп тұрғанда Созақ аудандық милиция бастығы жолдас Қыдырбай Жарылқапұлы астындағы атын аударып алып мініп кетеді. Ахмет қыстың көзі қырауда атынан айырылып, Түркістанға жете алмай Созақта бір ай жатады. Кооперативтің қарызына әкелген малын тамағына жұмсап, оған да жеткізе алмай қарызданып жатқанында кооператив қарызын сұрайды. Лауға мініп кеткен баяғы ат әлі жоқ. Кооператив бастығы үйез милиция бастығына айтып қамататын болған соң жұрт болып, осы күнде кепілге алып отыр.

Бұл сияқты лау мініс 1918-1919 жылдары болып еді. Алдымен мұны үйездегі азаматтар ескеруі керек» [15].

Созақтағы «Төңкеріс тұлғаларының» теріс қылықтарын тарқатыпқырай талдамас бұрын «Ақ жолдан» тағы бір дерек келтіре кетейік. «Назар салып тұрсын» деген материалды да біздіңше шала сауатты белсендінің шынайы бейнесі ашыла түскен. Оқиық:

«Түркістан үйезі, Созақ ауданында партия ісі нашар, көңілдегідей болып жүріп жатқан іс жоқ, ұйымдас-тыру ісі ойдағыдай емес. Айырықша батырақтарды үгіттеп партияға тартқан емес. Партия мүшелері аз, олардың арасында саяси төңірек ашу әрекеті істелген жоқ. Партия мүшелерінің жоғын жоқтап, қамын қайғыратын партияның жауапты хатшысы кеңседе отырып, қағаз шимайлап «бұйрық» жазғанды біледі. Көзсіз көбелектей бейшараларға басшылық қылатын партия ячейкасының жауапты хатшысының ішкені боза, ойнағаны карта» [16].

Байқап отырғанымыздай, ауыл-елді ұлардай шулатып, айдағаны бес ешкі болса да, ысқырығы жер жарған жаңа үкіметтің жергілікті төрағалары «төр менікі» деп тасыраңдап, қызды-қыздымен қылмысқа да барып, кедейдің жаман-жәутік жалғыз атын аударып мініп, ардан аттап араққа да салынып, сан ғасырдан бері иманынан ажырамай, исламға сүйенген жұртты шошытып, дінсіз атеистік қоғамда білгенін істеп белден басуды әдетке айналдырған болып тұр ғой. Сот демекші, заңға зәру елде сол тұста бұл салада да түйіні шешілмеген түйткілдер толып жатқан еді. сөзіміз сүбелі, ойымыз дәлелді болу үшін жоғарыдағы газеттен және бір дерек келтіре кетейік.

«Түркістан үйезіне қарайтын Түркістаннан 200 шақырым алыс Созақ

ауданына қарасты алты болыс халық бар. Созақта партия һәм союз қосшы, аудандық милиция кеңсесі бар. Істері шамалы жүріп тұрады. Бірақ, Созақ ауданында халық соты жоқ. Әуелгі Кеңес үкіметі орнаған уақытта 1919-1921 жылға шейін халық соты кеңсесі Созақтан ашылып, әртүрлі қылмыстық істер болса, уақытша тарап, дау-жанжал азайып еді. 1922 жылы қандай себептің болғанын білмеймін, Созақ қыстағындағы сот кеңсесі жойылып, Түркістан қаласындағы 3-халық сотына қарады. Әрине, сот жоқ жерде төңкеріс заңның ісі де жоқ, заңсыз істер көп болмақ. Кедей-кембағалдар болса мұның кімге шағарын білмейді. Аудандық милицияға арыз берсе, екі жағын ақиқаттап тексереді де, істі Түркістандағы сотқа жібереді. Артынан іздеп барайын десе, қаражат, көлік керек. Әлі келмейтіндер келе алмай содан іс аяқсыз қалады. Түркістандағы 3-бөлім халық соты мен 2-аудандық халық тергеушінің кеңсесіндегі істердің талайы Созақ ауданы халықтарының ісі. Тағы да Созақ ауданына қарасты үш болыс ел көшпелі, жазда Қараөткел, Атбасар елімен араласып кетіп, барымта ұрлықты күшейтіп жатады. Оларды тыятын сот жоқ. Түркістаннан шыққан сот ол елге жазда бара алмайды, екі арасы бетпақ дала, шөл. Менің айтайын дегенім, қалада соттың саны көбейгеннен меніңше біреуі кеміп, бір сот далада болса, мақұл болар еді. «Бетті ауылға бұр» деген партияның да ұранына тура келер еді. Нәм төңкеріс заңымен сондай түкпірде жатқан қаза халықтар пайдаланса жақсы еді. Бұл жағдайды жақсылап қарап, тексеру лайық. Шетте жатқан халықты жұрт қатарына қосып, заңсыз қылмысты тыю керек. Кеңес заңын әуелгі шеттегі халықтарға білдіру керек» [17]. Бұл «Ескендір» атты автордың «Ақ жол» бетіндегі арызы. Демек, советтік Созақты сот ісінде де шалағайлық шектен асып жатты деуге толық негіз бар.

Ал ұлтты ымыстырудың, болашақты бүгіннен бағдарлаудың басты тетігі оқу-ағарту жайы десек, сол жылдарда Созақта білім саласы да өз биігіне жетпей, «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болуға» тиісті талай жастың тар кезеңде сауат ашып, қара тануы мұң болғаны рас. Әйтпегенде, аталмыш «Ақ жолда» Қ. Мұсаұлының «Созақ районы Сарыөзек болысында ешбір сауат ашатын көшпелі мектеп жоқ.

Бұл болыстың халқы жаз Сарыарқа жайлап, қысқа Шу өзенін қыстап жүр еді. Бұл көшпелі халықтың көбі байларды сағалап жүрген жарлылар. Бұлардың (жарлылардың) балалары қысы-жазы бірдей байлардың қойын бағып, тапқан жалғыз-жарым тоқтысын қаражат қылып, күз қалаға келсе, «хат танымайсың» деп мектепке алмайды.

Бүйтіп жүріп, бұлар не күн көрмек? Халық ағарту орындары осыларды да есіне алып, бұларға ортасынан сауаттандыратын көшпелі мектеп ашып берсе, көшпелі кедейлердің тілегі көкпен түскендей болар еді» [18].- деп түйіндейтін «Көшпелі елге мектеп керек» атты мақаласы да, «Бүтін Созақ ауданындағы мектеп біреу-ақ, интернат атымен жоқ. Интернат болмаған себепті мектепке малы бар «пәленше екендердің» балалары болмаса, маңдайына ит бітпеген кедейдің балаларынан оқыған біреуі де жоқ.

Ел ішіндегі болыс, ауылнайлар баяғы азуы алты қарыстар, болыс-

тықта таласпен жеңіп алады. Мектеп жұмысы дегенді құлақтарына да қыстырмайды.

Жәрдемді енді кімнен күтуіміз керек?» [19]- деген «Тілшінің» «Түркістан үйезі Созақ ауданындағы ағарту жайы» атты жазбасы да, «Созақ ауданындағы жастардың саны бар да, істерінің сапасы маңызы жоқ. Саяси ағарту тәрбие жағынан хабарсыз. Аудандық комитетте отырған жауапты хатшымыздың кеңсеге келіп басшылық көрсеткеннен сыртта жүргені көп. Ішкені боза, ойнағаны карта. Алтыншы жастар сиезінің, ауыл жастарының арасында қалай істеу жөнінен көрсеткен жолдарының бірі де толық түрде жүргізілмеген. Қолынан іс келерлік жастар табылмағандығынан сауатсыздығын жойып, көзін ашу керек. Оның үшін газет керек, оны алғызайын деген талабы жоқ.

Іс басында отырған жастарымыз мұндай жұмыссыздықты жою үшін шаралар көрсетсе екен дейміз» [20],- деген Әлиханың әділет тілеген сыни материалы да баспа бетін көрмеген болар еді.

Қорыта айтқанда, «Ақ жолдағы» осынау мәні жоғалмаған мақалалардан-ақ Созақ көтерілісінің себептерін тап басып танып, тиісті байламға келуге болады деп білеміз. Белгілі ғалым, біз зерттеу нысаны ретінде алып отырған көтерілістер тарихын жете зерделеген Талас Омарбековтің еңбектеріне де сілтеме жасай кетер болсақ, тәркілеу науқаны кезінде бұрынғы бай-бағланның дені Қазақстанның басқа аймақтарына жер аударылып, 1930 жылдың басында бай-кулақтарды тап ретінде жою науқандары басталған кезде өлім жазасына кесілді. 1928 жылғы Сталин өзінің Сібір сапарында мемлекетке белгіленген бағамен астық тапсырудан бас тартушыларды РСФСР Қылмыстық істер кодексінің 107-бабы бойынша соттауды ұсынды. Осыған байланысты Қазақстанда 40 мыңдай шаруа қожалығы (шамамен 200 мыңдай адам) сот жазалау органдарының шешімімен жазаланды. Бұл қуғындаудағы тәжірибені ОГПУ органдары кейінгі науқандарда да пайдалана бастады.

Тек 1929 жылғы 15 желтоқсанға дейін ғана астық дайындау барысындағы қуғын-сүргінде 30800 адам сотталды. 1928 жылдың 1 қазанынан 1929 жылдың 1 желтоқсанына дейін сот органдары тарапынан 125 адам ату жазасына бұйырылды. Ал ГПУ органдары осы уақытта 326 адамды жазалап, олардың 152-сін атып жіберді. 1929-1933 жылдар аралығында, яғни, бес жылдың ішінде Қазақстан ОГПУ-дың үштігі 9805 істі қарап, 22930 адамға жазалау шараларын қолданды. Олардың ішінде 3386 адам ату жазасына кесілсе, 13151 адам 10 жылға дейін мерзімге концлагерьлерге жөнелтілді. Бай-кулақтарды тап ретінде жою науқанында қуғын-сүргін асқына түсіп, 56498 адам жауапқа тартылды. Күштеп ұжымдастыру жылдарындағы әртүрлі әлеуметтік-саяси науқандар кезінде 165 мың шаруа қуғын-сүргінге ұшырады [21].

Бұл сүргін Созақ байларын да айналдырған жоқ. Дегенмен біз Созақ көтерілісіне қатысты архив құжаттарын індеге зерттегенде Кеңестік тарихнамада халық наразылығын тудырған бұл ереуілдерге берілген «қазақ байлары мен имамшандардың бас болуымен тұтанған бүлік» деген теріс бағаны түгелдей жоққа шығарып, жарлының жанұясы көтере алмайтын қисынсыз салықтан әбден сергелдеңге түскен

жұрттың амалсыздан көтерілгенін баса айтып, тарихшыларымыз да тарихи шындыққа тәуелсіз елдің жаңаша көзқарасы тұрғысынан келіп, ақиқатқа жүгінгеніміз жөн боларын жеткізіміз келеді. Расында кеңестік кезеңде қағазға түсіп қатталған тарихи зерттеулерде елімізде 1929-1931 жылдары советтік билік пен партиялық активке қарсы 460 террорлық акті, колхоз бен совхоз мүліктерін өртеу, 127 мал басын улау фактілері анықталғаны айтылады. Дегенмен ОГПУ тарапынан дайындалған, асыра сілтенген бұл айқаттарға ақиқат деп қарау дұрыс емес. Бірақ анығы да, ақиқаты да сол, көтерілісші кедейлер «Колхоздар жойылсын!», «Мақта және егін бағдарламасы жойылсын!», «Тапқа бөлушілік тоқтатылсын!», «Колхоз құрылысына қарсымыз!» деген ұрандармен үдере көтерілген.

Былайша атқанда, большевиктік билік бұл көтерілістерді тілге тиек еткенде қоғамнан тек таптар мен таптар мүддесін ғана көріп, ұлттық ерекшеліктер мен жалпұлттық мүддеге байланысты жайттарды мүлдем ескерусіз қалдырды. Тек қана таптық мүдде тұрғысынан жұмыс жүргізген советтік биліктің саясаты шынында да көрген жанның төбе шашын тік тұрғызарлықтай қиянат пен қорлау, зорлық пен зобалаңға толы болды. Бір ғана астық даярлау науқаны тұсында елде 30800 адам репрессияға ұшырап, олардың 125-і ату жазасына кесіліп, жергілікті ГПУ үкімімен 152 азаматтың атылғаны қызыл үкіметтің қолының қып-қызыл қанға боялып жатқанын анық байқатады. Сондықтан Созақ көтерілісінде қатысқан ұлт қаһармандарына жасалған қиянат ашық айтылып, әділетсіздік құрбаны болғандар толық ақталуы керек. Себебі көтерілістің шарықтау шегін анықтап, олардың ұстанымын ашып көрсеткен академик М. Қойгелдінің архив құжаттарына сүйене отырып берген дерегіне қарағанда Созақ сүргінде опат болғандар советтік билікке мынадай талаптар қойған:

1. Ауылды тапқа жіктеу тоқтатылсын.

2. Билік 1928 жылы орташалардан тартып алған мүліктерін қайтарсын.

3. Сенім еркіндігі берілсін, мешіттер қайтарылсын, дін қызметкерлеріне дінге қатысты шараларды өткізуге, балаларды дін жолында оқытуға рұқсат берілсін.

4. Ірі байларды тәркілеген соң, енді тәркілеуді тоқтату туралы декрет болған, ал бірақ бұл жағдай орташаларға байланысты жалғасуда, мұндай әрекеттерді тоқтатуды талап етеміз.

5. Колхоздар құру ерікті түрде жүрсін.

6. Салық әр қожалықтың көлеміне қарай салынсын. Астық екпейтіндерге астық салығы салынбасын [22]. Яғни бұл талаптарды байыппен оқысақ, онда өкіметке қарсы сөз де, диверсия жасауға деген құлшыныс та жоқ. Демек «бандылар бүлігі» саналған Созақ көтерілісінің ақиқаты айтыла түсуі керек.

Гүлнар ШАРДАРДАРБЕКОВА,
Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивінің басшысы, жұмысшы топ жетекшісі.
Ғ.ҚАСЫМХАН, А.ҮСІПОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ,
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығының аға оқытушылары,
М.ҚАРҒАБАЙ,
«Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы, жұмысшы топ мүшелері.

Салық төлеушілер назарына!

Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен көзделген салықтық міндеттемелерді жеке тұлғалар немесе кәсіпкерлермен уақытылы орындауын қамтамасыз ету мақсатында, екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларын пайдаланатын тұлғаларға пайдалы ақпараты бар push-хабарламалар жолданатынына назар аударады.

Оның ішінде, салықтар немесе басқа да төлемдер бойынша қарызы бар туралы хабарлама, салықтық есептілікті ұсынудың немесе салықтар мен төлемдерді төлеу бойынша алдағы мерзімдері туралы еске салу, ұсынылмаған салықтық есептілік бойынша банк шоттарға шектеу туралы өкім шығарылғаны туралы ескерту, дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылғаны туралы немесе одан бас тарту себептері, ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу туралы хабарлама, салық органының шешімі бойынша ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу, бақылау-касса машиналарын тіркеу туралы және басқа да хабарламалар жолданады.

Осылайша, аталған хабарламалар Сіздерге алдын-ала ескерту ретінде жолданылып, яғни, салық міндеттемелерін орындау қажеттігі туралы салық төлеушілерге түсіндіру бойынша хабарламалар екеніне назар аударып, туындаған салықтық міндеттемелерді уақытылы орындауға шақырамыз!

Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

Аудан тұрғындарының назарына!

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСҚА ЖОЛ ЖОҚ...

Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңының 17-бабында белгіленген нормалар мен талаптарды (шарттарды, ережелерді, шектеулерді) бұзуға жол берген оның субъектілерін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген, соғылған құрылыс нысаныңыздың тиісті жобалау құжаттары болмаған жағдайда, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ Кодексінің 316, 318, 321, 463-баптары бойынша айыппұл салуға немесе жауаптылыққа әкеліп соғатындығын назарыңызға саламыз.

Құрылысты заңсыз бастаған кәсіпкерлік және басқа да нысанға салынатын айыппұл көлемі 1 млн теңгеден асады. 2018 жылғы өзгерістерге сәйкес, құрылыс иесі айтылған айыптармен келісіп, айыппұлды 7 күнде төлейтін болса, 50%-ға жеңілдетіледі. Айыппұл төлеуден бөлек құрылысты одан әрі жалғастыру үшін заңдастыруға міндетті.

Тиісті құжаттарды рәсімдеу үшін аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөліміне келіп заң негізінде кеңестер алуға болады. Байланыс телефоны 8/72546/ 4-14-53

Б.МАХАШБАЕВ,
Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы.

Ерлігі елге өнеге

2019 жылы тамыз айының аяғында дүниені дүр сілкіндіре басталған тажал дерттің елімізге дендеп өніп, дегбірімізді алып жатқан дүрбелеңі кезінде Құмкент ауылдық емхананың аға дәрігері, білікті маман, жалпы тәжірибелі дәрігер Тұрабаев Ерлан Аманжолұлымен «Созақ үні» газетінің «Нағыз дәрігер» айдарымен «Алдыңғы шепте болған абзал азамат» деген тақырыпта сұқбаттасқан әңгімем газет бетінде жарияланған еді. Арада бір-екі ай өткенде Ерланның өзі төтеннен жабысқан кеселден келмес сапарға аттанды. Ол осы аты өшкір тажалдан облыс тұрғындарын құтқаруда ерен ерліктің үлгісін қайталады. Сол жолы марқұм Ерекең «жақында ғана Түркістан қаласында коронавирус індетін жою жұмыстарына еріктілер қатарында барып, 15 күннен ауысымдық жұмыс жасап облыс, қала жұртшылығына дәрігерлік көмек



оңды істерін, шуақты күндей шарапатын көрген жандар Ерланның кешегі тажалмен бетпе-бет арпалысты күндерде екі айға жуық дертті жұқтырған азаматтардың жанында болып, өзінің қажыр-қайраты мен біліктілігін ерікті түрде жұмсағанын нағыз ерлікке балайды. Әрбір дәрігер Гиппократ антын қабылдап, дәрігерлер санатында жүр. Солардың қатарында жүрген Ерлан майданға сұранған жауынгердей, балалары, бауырлары, жан жары, қарт әкесі бар екенін, өзінің бүкіл отбасы бетіне қарап отырған азамат екенін саналы түрде ұғына отырып, тәуекел қадамға баруын қалай бағалар едіңіз! Әрине, атақ, даңқ, марапат дегендер марқұм болған Ерлан үшін түкке де керекті жоқ. Бірақ кейінгі өсіп келе жатқан жас ұрпақ үшін, жас буын дәрігерлер үшін Ерланның ерен ерлігі айтарлықтай зор өнеге болар еді. Ертеңгі елді қорғайтын

Ер есімін ел-жұрты елеп жатыр

беріп келгенін» айтқан еді. Одан кейін тағы да өзі сұранып тажал ошағы саналатын облыстық провизорлық орталыққа аттанған болатын.

Жанымызға қуат берер, Жаратушы бір Тәңірден кейінгі ажалға арашасы болар бірден бір мамандық иесі-дәрігерлерге жүгінеріміз анық. Қаншама адамды сол жолы Ерлан ажал аузынан алып қалған еді. Сол жолғы сұқбатта Ерекең марқұм: «-25 жылға жуық уақыттан бері осы медицина саласында жұмыс атқарып келемін. Бірақ мынандай оқсыз, отсыз шетінен жалмап бара жатқан тажал індетті көрмеппін. Екі рет облыстық аурухана арнайы сұранып, өз еркіммен барғанымда, көп жайға қанықтым. Осы өмірлік тәжірибе жолында жақсы заманауи дәрігер болу дегеннің не екенін түсіндім,-деген еді марқұм менімен болған соңғы

бұрын-соңды бетпе бет кездеспегендіктен оның барлық сипатын терең білу, оған қарсы нендей әрекеттер болу керек, не істесек науқасты аман алып қаламыз? Осы орайда практика жүзінде білім мен тәжірибемді жетілдіріп, ауыл, аудан халқына жұмыс жасау мақсаты ғана болды. Онда айға жуық науқастарды қабылдау бөлімінде болдым. Республиканың Астана, Алматы қаласынан келген осындай қауіпті індетпен күресетін жоғары дәрежелі мамандардан сабақ алдық. Дәрігер деген, үнемі оқу үрдісінде болуы керек. Олар кәсіби деңгейін өмір бойы, ең болмағанда 5-10 жылда бір рет емес, бірнеше рет жоғарылатып тұру қажет. Егер мүмкіндік болса медицина күшті дамыған шетелдік әріптестеріңізбен оқу немесе жұмыс істеу тәжірибесімен алмасып тұру қажет, себебі ол жақта менің ойымша, медициналық стандарттар мінсіз түрде жетілдірілген. Дәрігер

ерлеріміз осындай батыр ағаларынан үлгі алмаса, солар туралы көріп, білмесе, ез бен ердің айырмасын ажырата алмаса, ерлік пен батырлық, отансүйгіштік деген ұғым қайдан пайда болар еді? Сол себепті бірнеше жүздеген адамдарды ажал тырнағынан арашалап қалған Құмкент ауылдық емханасының байырғы аға дәрігері, білікті маман, жалпы тәжірибелі дәрігер, марқұм Тұрабаев Ерланның есімін мәңгі есте қалдыру үшін мемлекетіміздің жоғары наградасына ұсынбаса да ауыл орталығындағы спорт кешенін Ерлан Тұрабаевтың есімімен атауды ұйғарды. Бұл игі бастаманы алдымен Құмкент ауылының тұрғындары, одан аудан басшылығы, аудандық мәслихат, Созақ аудандық орталық ауруханасы жұмыс мен басшылығы ел болып қосыла қызу қолдады.

Ерекеңнің отбасында асқар таудай әкесі, Созақ ауданының Құрметті ақсақалдарының бірі Аманжол көкеміз бар, Ерекеңнің жұбайы Тастанбекова Нұрбақыт Ондыбайқызы Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясының орыс тілі пәні мұғалімі, үлкен қыздары Гүлшаһар С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің фармация факультетінің түлегі. Қазіргі таңда Шымкент қаласында фармацевт қызметін атқарады. Сонымен қатар, 2014-2018 жылдар аралығында Қазақ Ұлттық Аграрлық университетін қызыл дипломмен тамамдаған. Екінші перзенттері Гүлшарбан 2015-2019 жылдары Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің филология факультетін қызыл дипломмен бітірген. Алматы қаласы Алатау ауданының №152 мектеп-гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарады. Ұлдың үлкені Еркебұлан Рузидинов атындағы жоғарғы медициналық-стоматологиялық колледжінің студенті және Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясының 8 сыныбында оқитын кенжелері Рамазан есімді азаматтар бар. «Орнында бар оңалар» демекші жара жазылар, ауыр күндер де артта қалар. Бастысы ізін жалғар ұрпақтары аман болсын. Ауылдастары Ерлан Аманжолұлының туылған күні-3 желтоқсан күні футболдан облыстық турнир өткізуге белсене кірісіп кетті. Аудан әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және дене шынықтыру бөлімі аталмыш шараның жоспарын бекітіп оң қолдау білдіріп отыр. Ендігі кезекте аталмыш шараның ойдағыдай өтуіне жұрт болып жұмыла кірісейік!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



сұқбатында.

Дәрігер болу өте қиын, біз құдай емеспіз, кейде қателесеміз, медицинада бәрін білу мүмкін емес, соған байланысты қате жібермеуге әуақытта тырысу керек. Бірақ, бұл жұмыстан ләззат алуыңыз және сіздің жауапкершілікке дайын екеніңізді білуіңіз қажет. Сонымен қатар, 21-ші ғасырдың дәрігерлері кез-келген ситуацияға дайын болуы керек. Жақсы дәрігер ешуақытта жеткен дәрежесінде тоқталып қалмауы қажет. Мен Түркістан қаласына ерікті түрде сұранып барудағы мақсатым, бұл тажал індетпен

медицина ғылымы мен тәжірибесі әлемінде болып жатқан барлық жаңалықтар туралы біліп, басқа мамандармен тәжірибе алмасып тұруы керек,-деген еді марқұм менімен болған соңғы сұқбатында. Осылай ашыла, еркін айтқан сөздері күнібүгінге дейін ойымнан кетер емес.

Бізде Президентіміз айтқан қазақстандық патриотизм деген ұғым бар. Бұл үлкен ұлттық идеология саналады. Елдің ішінде көп жүреміз, көп ұсыныс-пікірлерді тыңдаймыз. Ерланның дәрігерлік қызметтік жылдары, одан арғы-бергі халық қалаулысы ретінде елдің игілігі жолындағы

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін-халықтың құқықтық сағасын жоюға, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып та-

тындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан

Сыбайлас жемқорлық-қоғам дерті

былады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білу керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктерімізде баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдарда, атқарылып жатқан түрлі жұмыстарда баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас бұрынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтарымен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян бола-

келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заңмен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпебет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара берумен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Айсұлу САЙЛАУОВА,
«Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман заңгері.

Жарамсыз деп танылсын

Бекболатов Даврон Мұхамеджанұлының тракторист-машинист жүргізуші куәлігі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексінә сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарын «Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппараты» ММ қызметкерлері бұзған жағдайда «Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппараты» ММ сенім телефонына хабарласуға болады. Сенім телефоны: 872546/23-3-03, 23-3-43.

Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппараты ММ.

Хабарландыру

«TanResources» ЖШС «Түркістан облысындағы Буденновское кенорнының Ашыкөл-2 учаскесі аумағында уранды барлау жоспарына» әсер ету геэкологиялық рұқсат алу үшін жобалық құжаттама материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы).

Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылдың 12 қаңтарында сағат 12:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратауа.о., Бақырлы а., Жиенбет батыр к-сі, 13 а, ауылдық Мәдениет үйі мекен жайы бойынша өтеді

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Карантин ұзартылған жағдайда, бұл қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасындағы бейнеконференц байланыс арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us05wed.zoom.us/j/88026479721?pwd=-ZVZmN291TzFBNTA0aTJ3MzdkdHpNUT09>
Конференция идентификаторы: 880 2647 9721. Кіру коды: 123456

Конференцияға қосылу сұрақтары бойынша мына телефон арқылы хабарласуға болады 8 (775) 970-17-94.

Тапсырыс беруші: «TAN Resources» ЖШС, БСН 210140009852; Қазақстан Республикасы, А15С3F2 Алматы қ., ш. а. Бағанашыл, Сырғабеков к-сі,32; Аладын Вадим Петрович, тел. 8 (701) 749-15-75, e-mail: aladyinvadim@mail.ru

Әзірлеуші: «Волковгеология» АҚ; БСН 940740001484; Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 168; тел. 8 (707) 344-23-31, ecosystem.kz@mail.ru

Жергілікті атқарушы орган: «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б. Саттарханов даңғылы, 27-үй; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: a.shymabekova@ontustik.gov.kz Жоба бойынша құжаттама БЭК-те <https://ecorportal.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar/documents/1?iang-ru> «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде орналастырылған.

Жоспарланып отырған қызмет туралы ақпаратты және құжаттардың көшірмесімен мына байланыс арқылы танысуға болады: toecolux@mail.ru немесе 87759701794 нөмірі бойынша. Төлеубеков Б.Т., – «Ecolux» ЖШС Тараз қ. Қойгелді к-сі №55.

Ескертулер мен ұсыныстар ecorportal.kz сілтемесі бойынша және «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 27 үй; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: a.shymabekova@ontustik.gov.kz мекен-жайында қабылданады. Әсер ету аумағы Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Бақырлы а.

Объявление

ТОО «TAN Resources» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам проектной документации для получения экологического разрешения на воздействие на «План разведки урана на участке Ашыкөл-2 месторождения Буденновское в Туркестанской области» (раздел «Охрана окружающей среды»), проект нормативов эмиссий, проект программы управления отходами, проект программы производственного экологического контроля, проект плана мероприятий по охране окружающей среды).

Общественные слушания состоятся 12 января 2023 года в 12:00 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Бақырлы, ул. Жиенбет батыр, 13А, Сельский дом культуры.Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

В случае продления карантина данные общественные слушания будут проведены в режиме онлайн, посредством видеоконференцсвязи на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке:

<https://us05wed.zoom.us/j/88026479721?pwd=-ZVZmN291TzFBNTA0aTJ3MzdkdHpNUT09>
Идентификатор конференции: 880 2647 9721. Код доступа: 123456

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 8 (7775)-970-17-94.

Заказчик: ТОО «TAN Resources», БИН 210140009852; Республика Казахстан, А15С3F2 г.Алматы, мкр. Бағанашыл, ул. Сырғабекова, 32; Аладын Вадим Петрович, тел. 8 (701) 749-15-75, e-mail: aladyinvadim@mail.ru

Разработчик: АО «Волковгеология»; БИН 940740001484; Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, ул. Бөгенбай батыра, 168; тел. 8 (707) 344-23-31, ecosystem.kz@mail.ru

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», Туркестанская область, г.Туркестан, проспект Б.Саттарханов, д.27; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: a.shymabekova@ontustik.gov.kz

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar/documents/1?iang-ru> и на сайте МИО h в разделе «Общественные слушания».

Контакты, по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности, и ознакомиться с копией документов по электронной почте toecolux@mail.ru или по номеру 87759701794Төлеубеков Б.Т.– ТОО «Ecolux» г.Тараз.Койгелды №55.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале по ссылке ecorportal.kz и по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», Туркестанская область, г.Туркестан, проспект Б.Саттарханов, д.27; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: a.shymabekova@ontustik.gov.kz Территория воздействия:Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Бақырлы.

Жемқорлықтың алдын алайық!

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың,жергілікті өзін-өзі басқару органдарының

басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің,әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немісқұрайлылық танытуы,кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Е.МАНАПОВ,
Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығы, подполковник.

«Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары» мемлекеттік мекемесі 2022 жылдың 09 желтоқсан күні сағат 10-00 ден 13-00 аралығында <https://e-auction.gosreestr.kz/> веб порталы арқылы сауда-саттықтың Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттық (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде жер учаскелерінің меншік құқығын сату аукционын өткізеді

Сауда-саттықтың ағылшын тәсілі бойынша аукцион өткізу шарттары.

Ұйымдастырушы объектіні бас-тапқы бағасы мен бағаның ұлғаю қадамын хабарлайды. Аукционға қатысушылар жарияланған қадам бойынша бағаны көтереді. Объект бойынша сауда-саттық объектінің ең жоғарғы ұсынылған бағасына дейін жүргізіледі. Егер объект бойынша сауда-саттық қатысушылардың саны екіден кем болмаса, сауда-саттық өткізілді деп есептеледі.

Жер учаскелерін сату шарттары: нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану, игеру шартын жасау, объектісін жобалау үшін сәулеттік жайғастыру тапсырмасын алу, сервитулар беру, жер төлемін уақытылы

енгізу.

Ауыртпалықтар (шектеулер): ин-женерлік коммуникациялардың қорғау аймағын сақтау және оларды жөндеу және қызмет көрсету үшін кедергісіз кіру мүмкіндігін беру.

Қосымша шарттар: құжаттардың бастапқы пакетін рәсімдеу бойынша шығын сомасын сатып алушымен өтеуге жатады.

Сауда-саттықта анықталған учаскенің құны: 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды және 30 (отыз) МРП АЕК-ден аспайды.

Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін 20 минут

бұрын аяқталады. Өтінімдерді қабылдау және тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелген үшін: аукционға қатысуға өтініш, тұлғасын куәландыратын құжат, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі, өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат ұсынылуы қажет. Заңды тұлғалар қосымша нотариалды расталған Жарғының және заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін ұсынады. Төлемнің бастапқы бағасының нысаны мен шарттары:

Бір кепілдік жарна бір жер учаскесін сатып алуға құқық береді.

Аванстық төлем сатып алу-сату

шартына қол қойылған күнен бастап бес банктік күннен кешіктірмей мерзімде аукцион барысында белгіленген бағаның 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды. Кепілдік жарна тиісті аванстық төлем есебіне алынады;

Кепілдік жарна <https://e-auction.gosreestr.kz/> веб порталында (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ94601711000000330; БИК:HSBKKZKX; КНП:171; Кбе: 16.

Жібек жолы көшесі №40 үй «Созақ ауданы әкімдігінің Жер қатынастары бөлімі»

Анықтама үшін телефоны: 8/72546/ 4-27-69; 8778-497-17-21

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №290 бұйрығы, Созақ ауданы аумағынан сауда-саттыққа (аукционға) түсетін жер учаскелерінің тізімі

№	Орналасқан жері	Нысаналы мақсаты	Көлемі, га	Құқық түрі	Аукционды өткізу тәсілі	Жер телімінің бастапқы (төменгі) бағасы теңге	Аукцион өтетін уақыты	Кепілдік жарна бастапқы соманың 15% бірақ 30 АЕК төмен болмауы керек
1	Созақ ауданы, Қыземшек кенті	Кәсіпкерлік нысанның құрылысы үшін	400 ш/м	жекеменшік	Электрондық түрде	106 000	10-00	153150
2	Созақ ауданы, Қарақұр ауылдық округі, Наурыз көшесі н/з	Кәсіпкерлік мақсаты үшін	600 ш/м	жекеменшік	Электрондық түрде	73 800	11-45	153150
3	Созақ ауданы, Созақ ауылдық округі, Ж.Өткелбаев көшесі н/з	Дүкен құрылысы үшін	231 ш/м	жекеменшік	Электрондық түрде	44 444	10-30	153150
4	Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Қозмолдақ елді мекені	Дүкен құрылысы үшін	150 ш/м	жекеменшік	Электрондық түрде	18 450	12-10	153150
5	Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Қозмолдақ елді мекені	Шаштараз құрылысы үшін	36 ш/м	жекеменшік	Электрондық түрде	4428	11-10	153150
6	Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Жібек жолы көшесі н/з	Мейрамхана және қонақ үй ғимаратының құрылысы үшін	3900 ш/м	жекеменшік	Электрондық түрде	975000	12-00	153150
7	Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Жібек жолы көшесі н/з	Халыққа қызмет көрсету орталығы	7000 ш/м	жекеменшік	Электрондық түрде	1 750 000	11-00	262500
8	Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Е.Алдасүгірұлы көшесі н/з	Кеңсе тауарлар дүкенінің құрылысы үшін	540 ш/м	жекеменшік	Электрондық түрде	66 420	12-30	153150
9	Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі,	Автобөлшек дүкені, автожолу бекеті, автожелімдеу орны және автожөндеу орталығы үшін	1000 ш/м	жекеменшік	Электрондық түрде	70 400	13-00	153150

Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.